

**"Өкімдердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы № 16 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 173 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 61 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 маусымда № 11289 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 147 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 24 бірлескен бұйрығы және қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 08.02.2018 № 147 және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 24 бірлескен бұйрығы және қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінің (Салық кодексі) 611-бабы 3-тармағына, 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 162-бабы 3-тармағына, 2003 жылғы 25 сәуірдегі "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, 2013 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы Министрі **БҰЙЫРАДЫ** және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өкімдердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы № 16 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5585 тіркелген, 2009 жылғы 3 сәуірде № 49 (1646) "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өкімдердің нысандары бекітілсін:

осы бұйрыққа және қаулыға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің (салық агентінің), кедендік төлемдерді, салықтар мен өсімпұлдарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі;

осы бұйрыққа және қаулыға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органының агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі;

осы бұйрыққа және қаулыға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органының әлеуметтік аударымдарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі.";

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа және қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты және қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық және қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты және қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық және қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы Министрі  
\_\_\_\_\_ Б.Т. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы  
\_\_\_\_\_ Қ.Н. Келімбетов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрінің  
2015 жылғы 16 наурыздағы  
№ 173 бұйрығына және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 61 қаулысына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрінің  
2009 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 27 бұйрығына және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының

**Мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің  
(салық агентінің), кедендік төлемдерді, салықтар мен  
өсімпұлдарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс  
операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі**

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(жазба күні)

\_\_\_\_\_ (банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

\_\_\_\_\_ асыратын ұйымның атауы, сәйкестендіру нөмірі (БСН), орналасқан орны)

\_\_\_\_\_ ұсынылды.

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 611-бабына, 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 162-бабына және \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарламаға сәйкес (хабарламаны табыс ету күні)

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органының атауы,

\_\_\_\_\_ сәйкестендіру нөмірі (БСН)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы немесе дара кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),

\_\_\_\_\_ сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН), орналасқан орны)

банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша

---

(жеке сәйкестендіру коды)

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 611-бабы 2-тармағында, 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 162-бабы 2-тармағында көзделген операцияларды және ақшаны алып қою жағдайларын қоспағанда, шығыс операциялары тоқтатыла тұрсын (Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

\_\_\_\_\_ теңге\* сомасы шегінде

(сомалары санмен және жазумен)

барлық шығыс операциялары \_\_\_\_\_

(тоқтатыла тұрудың себебі)

Мөр орны \_\_\_\_\_

(Мемлекеттік органы басшысының тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда)

Осы өкім \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ табыс етілді.

\* мемлекеттік орган салық берешегі өтелмеген жағдайда көрсетеді.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрінің  
2015 жылғы 16 наурыздағы  
№ 173 бұйрығына және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 61 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрінің  
2009 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 27 бұйрығына және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2009 жылғы 27 ақпандағы  
№ 16 қаулысына  
2-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік кірістер органының агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі**

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(жазба күні)

\_\_\_\_\_ (банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

\_\_\_\_\_ асыратын ұйымның атауы, сәйкестендіру нөмірі (БСН), орналасқан орны)

\_\_\_\_\_ ұсынылды.

2013 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына, "Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару тәртібі мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысына, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы туралы \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарламаға сәйкес  
(хабарламаны табыс ету күні)

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы, сәйкестендіру нөмірі (БСН))

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы немесе дара кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),

\_\_\_\_\_ сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), орналасқан орны)  
\_\_\_\_\_ банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша

\_\_\_\_\_ (жеке сәйкестендіру коды)

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 611-бабының 2-тармағында көзделген операцияларды және ақшаны алып қою жағдайларын қоспағанда, шығыс операциялары тоқтатыла тұрсын (Х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

\_\_\_\_\_ теңге сомасы шегінде  
(сомалары санмен және жазумен)

барлық шығыс операциялары \_\_\_\_\_  
Мөр орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Мемлекеттік органы басшысының тегі, аты, әкесінің аты  
(ол болған жағдайда)

Осы өкім \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ табыс етілді.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрінің  
2015 жылғы 16 наурыздағы  
№ 173 бұйрығына және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 61 қаулысына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрінің  
2009 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 27 бұйрығына және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2009 жылғы 27 ақпандағы  
№ 16 қаулысына  
3-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік кірістер органының әлеуметтік аударымдарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі**

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(жазба күні)

---

(банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

---

асыратын ұйымның атауы, сәйкестендіру нөмірі (БСН), орналасқан орны)

---

ұсынылды.

2003 жылғы 25 сәуірдегі "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, "Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 қаулысына, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қатысушыларының тізімін беру туралы \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарламаға сәйкес (хабарламаны табыс ету күні)

---

(мемлекеттік органының атауы, сәйкестендіру нөмірі (БСН))

---

(хабарламаның мазмұны)

---

(заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы немесе дара кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),

---

сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), орналасқан орны)  
банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша

---

(жеке сәйкестендіру коды)

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 611-бабының 2-тармағында көзделген операцияларды және ақшаны алып қою жағдайларын қоспағанда, барлық шығыс операциялары тоқтатыла тұрсын.

Мөр орны \_\_\_\_\_  
(Мемлекеттік орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты  
(ол болған жағдайда)  
Осы өкім \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ табыс етілді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ